4. АХҚО-да ең басынан бастап қандай қызмет жүзеге асырылатын болады?

Жауап: АХҚО Қазақстанда ұлттық және өңірлік қаржы секторын дамытудың негізі құралы ретінде құрылды. АХҚО-ның негізгі стратегиялық міндеттеріне: капитал нарығын, активтерді басқаруды, қаржылық технологияларын (FinTech), исламдық қаржыландыруды, жеке банкинг пен жасыл қаржыландыру секторын дамыту жатады.

Біздің заңнамалық базамыз банктік қызметтер, сақтандыру делдалдығы, бағалы қағаздармен операциялар, инвестицияларды басқару мен олар бойынша кеңес беру, сондай-ақ ұжымдық инвестициялау схемалары, депозитарлық қызметтерді ұсыну мен ұйымдастыру, сенімгерлік және қорды әкімшілендіру қызметтерін ұсыну, исламдық банкинг пен қаржыландыру қызметтерін қоса алғанда, қаржылық қызметтер саласындағы белгілі бір реттелетін қызметтерді жүзеге асыруға және реттеуге ықпал етеді.

Сақтандыру делдалдығы – бұл рұқсат етілген қызмет түрі және қазіргі уақытта АФСА сақтандыру және қайта сақтандыру қызметтерін жүргізуге әрі реттеуге, сондайақ классикалық банктік қызметтеріне арналған нормативтік базаны әзірлеуде.

Қазіргі құрылым сондайақ инфрақұрылымдық нарықтардағы қызметті, атап айтқанда биржа мен клирингтік қызметті басқаруды қарастырады.

Сонымен бірге қаржы нарықтарымен және заңгерлік, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік және рейтингтік қызметтерді қоса алғандағы қызметтермен байланысты бірқатар кәсіби қызметтер ұсынылуы мүмкін.

АХҚО-ның жалпы қолданылатын актілері де басқа да корпоративтік және коммерциялық қызметтердің кең түрін жүзеге асыратын ұйымдарды құру және тіркеуді реттейді, сол ұйымдар да сәйкесінше АХҚО-ның қатысушылары бола алады.

5. АХҚО Соты қандай рөл атқарады?

Жауап: (а) АХҚО қатысушылары арасындағы, АХҚО қатысушылары мен АХҚО органдарының арасындағы, сондай-ақ АХҚО қатысушысы немесе АХҚО органы және оның жұмыскері-шетелдік қызметкерлері арасындағы дауларға байланысты шағымдарды;

(b) АХҚО-да жүзеге асырылатын және АХҚО құқығымен реттелетін қызметке байланысты даулардың салдарынан туындайтын шағымдарды; және

(с) барлық тараптар туындаған дауды АХҚО сотында қарауға жазбаша түрде келіскен осы даудан туындайтын талап-арыздарды қарайды.

6. АХҚО Халықаралық төрелік орталығының (ХТО) рөлі қандай?

Жауап: ХТО-ның 2018 жылғы бекітілген Төрелік және медиация қағидаларына немесе ХТО қарастыратын даудың тараптары келісілген қағидаларға сәйкес ұлттық және халықаралық коммерциялық дауларды төрелік, медиация және дауларды шешудің басқа да баламалы тәсілдері арқылы шешуге арналған халықаралық деңгейдегі қызметтер ұсыну.

7. АІХ-тің рөлі қандай?

Жауап: АІХ – отандық және халықаралық эмитенттерге (жеке және мемлекеттік), инвесторларға капитал нарықтарына қол жеткізу үшін заманауи биржалық платформа ұсынатын АХҚО-дағы авторизацияланған нарықтың уәкілетті қатысушысы.

8. «АХҚО қатысушысы» деген не?

Жауап: АХҚО қатысушысы – бұл АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлға (компания, серіктестік және т.б.). Бұл ұғым АХҚО құқығына сәйкес құрылған заңды тұлғаларды да, АХҚО компанияларының Тіркеушісі «аккредиттеген» шетелдік заңды тұлғаларын да қамтиды.



АХҚО-ға ҚАТЫСУ

9. Не үшін АХҚО қатысушысы болу керек?

Жауап: АХҚО шетелдік инвестицияларды тарту үшін бірқатар қолайлы жағдайлар ұсынады. АХҚО-да ағылшын жалпы құқығы қағидаттары мен жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген арнайы құқықтық режим қолданылады. Ағылшын жалпы құқығының басты ерекшелігі – дауларды шешудің икемді және ашық тәсілінің қолданылуы, сонымен қатар инвесторлардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына басымдылық берілуінде. АХҚО қаржы нарығының әділдігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін тәуелсіз реттеу режимін ұсынады. АХҚО қатысушылары үшін ынталандырушы факторлардың бірі – АХҚО-да төмендегі қаржы қызметтерін көрсетуден алынған кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден босату болып табылады:

- 1) ислам банкінің банк қызметтері;
- 2) қайта сақтандыру және сақтандыру брокерлік қызметтері;
- 3) инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық басқару, оларды есепке алу және сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа енгізуді және өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер;
- 4) брокерлік және (немесе) дилерлік, андеррайтингтік қызметтер;
- 5) АХҚО актілерімен айқындалған басқа да қаржы қызметтері.

Бұдан басқа, АХҚО-да жеңілдетілген визалық режим әрекет етеді. Атап айтқанда, АХҚО ЭЫДҰ, БАӘ, Малайзия, Сингапур және Монако азаматтарына елге 30 күнге дейін визасыз кіруге мүмкіндік береді. АХҚО Қатысушыларының шетелдік қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері мерзімін ұзарту мүмкіндігімен 5 жылға дейін виза ала алады. АХҚО Қатысушылары жұмысқа рұқсатнама алмастан АХҚО-да жұмыс істеу үшін шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды жалдай алады. АХҚО қатысушылары үшін визаны алу, өзгерту, санатын өзгерту немесе елден кетудің қажеттілігінсіз визаларды жою, сондай-ақ елге келген кезде визаны алу үшін жеңілдетілген визалық рәсімдер қарастырылған. Шетелдік сарапшылар мен олардың отбасыларының мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтердің алуан түрлеріне оңай қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін «бір терезе» қағидаты негізінде жұмыс істейтін АХҚО әкімшілігінің аясында мамандандырылған орталық – АХҚО Экспат орталығы құрылды. АХҚО Экспат орталығында визалық-көші-қон қызметтері, салық органдарының қызметтері (жеке сәйкестендіру

нөмірлерін беру бойынша), көлік құралдарын тіркеу және шетелдік азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру қызметтері, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметтерінің алуан түрлері (цифрлық қолтаңбалар беру), нотариалдық қызметтер мен аударма бюросының қызметтері, төлем терминалдары қызметтері (мультикасса), байланыс орталығы, сонымен қатар жылжымайтын мүлік агенттіктерін, мектептер, көруге кеңес берілетін Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлері туралы ақпараттар іздеуге жәрдемдесу бойынша қызметтер, сондай-ақ шетелдік жұмыскерлердің АХҚО-ға келуі мен болуына қажет немесе пайдалы басқа да қызметтер ағылшын тілінде қолжетімді болады.

10. Мен АХҚО қатысушысы бола аламын ба?

Жауап: АХҚО әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі – АХҚО Бизнесі дамыту тобы АХҚО-да тіркелуге қызығушылық танытқан барлық ұйымдар үшін алғашқы байланыс жасушы құрылым. Бізде бизнесті дамыту жөніндегі қызметкерлердің арнайы тобы бар, олар тіркелу процесінде көмектесуге дайын. Компанияларды Тіркеушінің кеңсесі АФСА құрамына кіреді, бірақ АФСА-ның реттеушілік және қадағалау функцияларынан тәуелсіз жұмыс істейді. Компанияларды Тіркеушінің кеңсесі АХҚО құқығына сәйкес тіркелген жаңа заңды тұлғаларды және басқа юрисдикцияларда тіркелген заңды тұлғалардың филиалдары/өкілдіктерін АХҚО-да тіркеуге жауап береді. Реттелетін қаржылық немесе қосалқы қызметтер көрсетуге ниет білдірген АХҚО-ның әлеуетті Қатысушылары алдымен АФСА-дан тиісті лицензия алуы керек. Алайда, барлық рәсімдер тиімділікті арттыру және өтініш берушілерге жүктемені азайту мақсатында «бір терезе» қағидаты түрінде жасалды. Тіркелу процесін <https://digitalresident.kz/> өзіне-өзі қызмет көрсету порталы арқылы өту мүмкіндігі бар.

11. Маған АХҚО қатысушысы атану үшін жаңа заңды тұлға құруым керек пе немесе мен АХҚО қатысушысы бола алатын филиал/өкілдік құра аламын ба?

Жауап: АХҚО Қатысушысы мәртебесін алып, қызмет жүргізуді АХҚО құқығына сәйкес тіркелген жаңа заңды тұлғаны құру арқылы немесе басқа юрисдикцияда тіркелген заңды тұлғаны АХҚО-да «аккредиттеу» арқылы жүзеге асыруға болады.

12. Қатысушы болуым үшін менің АХҚО-да кеңсем болуы керек пе?

Жауап: Бірнеше жағдайларды қоспағанда, АХҚО Қатысушысының АХҚО аумағында тіркелген кеңсесі болуы керек, бұл оның жұмысын атқаратын орын болады.

13. Маған бұл олардың негізгі жұмыс орны болатын АХҚО-ға жұмыскерлер жалдау керек пе, егер солай болса, оған қандай талаптар қойылады?

Жауап: Кейбір жағдайларды қоспағанда, мекенжайына барлық хат-хабарлар мен хабарламалар жіберіп отыру үшін Компанияның/Серіктестіктің міндетті түрде

АХҚО-да тіркелген кеңсесі болуы керек. АХҚО-да жұмыскерлердің ең аз санына қатысты талап жоқ.

Бұдан басқа, тұрақты тұруға қойылатын талаптар кейбір негізгі функцияларды орындайтын тұлғаларға қатысты болуы мүмкін. Мысалы, егер сіздің фирмаңыз міндетті түрде АХҚО құқығына сәйкес кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) жол бермеуге жауапты қызметкерді тағайындайтын болса. Бұл қызметкер Қазақстан Республикасының резиденті болуы керек. Тағы бір мысал ретінде, егер сіз өкілдіктің қы- зметін жүзеге асыратын болсаңыз, онда сіз Негізгі Өкілге лауазымына резидентті тағайындауыңыз керек.

Сонымен қатар, АХҚО құқығына сәйкес, АХҚО қатысушысы өзінің негізгі қызметін АХҚО-да жүзеге асыруға міндетті, бұл тұрғыда ресурстардың, оның ішінде АХҚО-да орналасқан қызметкерлердің жеткілікті санына ие болуы міндетті екенін ескеру қажет.

14. АХҚО Қағидаларына сәйкес, АХҚО Қатысушысы Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жерлердегі клиенттерге АХҚО кеңсесінен қызмет көрсете ала ма?

Жауап: АХҚО-да тиісті түрде лицензия алған Қатысушы, жалпы алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша клиенттерге қаржылық және басқа да қызметтер көрсете алады, алайда мұндай қызмет, мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан реттелуі мүмкін болғандықтан, біз АХҚО қатысушыларына осы органнан қосымша лицензия алу немесе тіркелу қажеттілігі мәселесі бойынша тәуелсіз заң кеңесін алуға кеңес береміз.

Жүзеге асыруға рұқсат берілген және АХҚО құқығымен реттелмейтін кейбір қызмет түрлері бар, бұл ретте АХҚО қатысушылары Қазақстанда және АХҚО-дан тыс жерлерде жүзеге асыратын мұндай іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелуі мүмкін. Мысалы, штаб-пәтері АХҚО-да орналасқан, жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын компания корпоративтік құқық тұрғысынан АХҚО компанияларының Тіркеушісі тарапынан реттелуі тиіс, ал бұл компанияның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін болады.

Егер АХҚО Қатысушылары тиісті юрисдикциялардың құқығына сәйкес әрекет етсе, онда олар АХҚО-дағы кеңселері арқылы Қазақстаннан тыс жерлерде қызметтерін ұсына алады.

15. Егер мен АХҚО Қатысушысы мүшесі болсам және менің Алматыда филиалым болса, мен АХҚО құқығына сәйкес филиал арқылы бизнес жүргізе аламын ба?

Жауап: АХҚО-да тиісті түрде лицензия алған Қатысушы, жалпы алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша клиенттерге қаржылық және басқа да қызметтер көрсете алады, алайда мұндай қызмет, мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан реттелуі мүмкін болғандықтан, біз АХҚО қатысушыларына осы органнан қосымша лицензия алу немесе тіркелу қажеттілігі мәселесі бойынша тәуелсіз заң кеңесін алуға кеңес береміз.

АХҚО Қатысушысы Қазақстан Республикасында АХҚО аумағынан тыс жерде филиал немесе еншілес компания ашу бөлігінде Қазақстан Республикасы құқығына (АХҚО құқығына ғана емес) бағынатындығын назарға алыңыз.

16. (а) АХҚО-да авторизацияланған АХҚО Қатысушысы қандай да бір басқа лицензияны алу қажеттілігінсіз және Ұлттық Банктің немесе басқа да уәкілетті органның тарапынан қадағаланбастан Қазақстанның кез келген жеріндегі клиенттерге инвестициялау саласында қызмет көрсете алады ма?

(b) Егер көрсете алатын болса, онда мұндай қызметті, мысалы, Алматыдағы филиал арқылы жүзеге асыра алады ма?

(c) Егер рұқсат етілсе, мұндай лицензияны жарамды деп танитын басқа юрисдикциялар бар ма?

Жауап: (а): АХҚО-да тиісті түрде лицензия алған Қатысушы, жалпы алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша клиенттерге қаржылық және басқа да қызметтер көрсете алады, алайда мұндай қызмет, мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан реттелуі мүмкін болғандықтан, біз АХҚО қатысушыларына осы органнан қосымша лицензия алу немесе тіркелу қажеттілігі мәселесі бойынша тәуелсіз заң кеңесін алуға кеңес береміз.

(b): Қазіргі уақытта біз АХҚО Қатысушысы Қазақстан Республикасында АХҚО аумағынан тыс жерде филиал немесе еншілес компания ашу бөлігінде Қазақстан Республикасы құқығына (АХҚО құқығына ғана емес) бағынатын болады деп пайымдаймыз.

(c): Қазіргі уақытта жоқ, бірақ болашақта АФСА қаржылық қызметтерді көрсетуге қатысты басқа юрисдикциялармен «паспорттық» деп аталатын келісімдерді енгізуді жоспарлап отыр.

17. Егер мен АХҚО қатысушысы болсам және менің клиенттерім Қазақстанның кез-келген басқа жерінде болса, менің клиенттермен жасалған келісімшарттарым және олар бойынша транзакциялар АХҚО құқығымен реттелетініне көз жеткізу үшін қандай әрекеттер жасауым керек?

Жауап: Біз сізге өзіңіздің клиенттеріңізбен жасасқан келісімшарттарда және келісімшарттарды орындау талаптарында клиенттеріңізбен жасалған келісімшарттар мен транзакциялар АХҚО құқығымен реттелетіні және мұны клиенттер жазбаша түрде растайтындығын нақты көрсетуге кеңес береміз. Егер келісімшарттың контрагенті АХҚО-ның қатысушысы немесе АХҚО органы болмаса

егер бұл келісімшартта нақты көзделмесе, келісімшартты реттемейді. Сонымен қатар, егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе, тараптар келісімшартта көрсете отырып, АХҚО-ның Келісімшарттар туралы актісін қоса алғанда, АХҚО құқығын қолданылатын құқық ретінде таңдай алады.

18. Егер мен АХҚО Қатысушысы ретінде Қазақстанның басқа өңірлерінде қор пайларын АХҚО-ның кеңсесінен сатқым келсе, онда АХҚО-да жеке қор құруым керек пе? Мен АХҚО-дан тыс жерлерде құрылған қорлардың бағалы қағаздарын дәл солай сата аламын ба?

Жауап: АХҚО-да тиісті түрде лицензия алған, АХҚО-ның Инвестициялық фирмаларды пруденциялық реттеу қағидаларына сәйкес тіркелген қатысушы, Қазақстандағы АХҚО-дан тыс жерлерде құрылған қорлардың пайларын сата алады. Мұндай қызмет АХҚО құқығымен де, Қазақстан Республикасының құқығымен де реттелетін болады.

19. Егер мен АХҚО-да бағалы қағаздармен сауда жасағым келсе, мен АХҚО биржасының мүшесі, сонымен қатар АХҚО қатысушысы болуым керек пе? Олай болса, мұндай қайталанудың алдын алу жолдары бар ма?

Жауап: Принципиал немесе агент ретінде АХҚО-да бағалы қағаздармен операциялар жасау үшін фирма АХҚО-ның тіркелген қатысушысы (АХҚО-да тіркелген заңды тұлға немесе аккредиттелген заңды тұлға ретінде) болуы керек және тиісті түрде АФСА тарапынан авторизациялануы тиіс. АХҚО Биржасының мүшесі мәртебесі АХҚО Биржасында дилер немесе брокер ретінде сауда жасау үшін қажет.

Сонымен қатар, АХҚО қатысушылары болып табылмайтын, бірақ өздерінің «үйі» болып саналатын юрисдикцияларда сауда жасау құқығы бар брокерлерде АФСА тарапынан танылу және «АХҚО қатысушысы болып табылмайтын танылған қатысушы» немесе «RNAM» мәртебесін алу арқылы АХҚО Биржасының мүшелігіне етуге мүмкіндігі бар. RNAM АХҚО биржасына мүше болу және АХҚО Биржасында сауда жасау үшін АХҚО қатысушысы болу талап етілмейді.

(Осы мәселелер бойынша қосымша ақпарат алу үшін 46-сұрақты қараңыз)

20. Егер серіктестік құрылған елінде заңды тұлға болмаса, заңгерлердің серіктестігі АХҚО-дағы құқықты қалай қолдана алады?

Жауап: Заңгерлік қызметтер көрсету АХҚО құқығы мен реттеу режиміне сәйкес «қосалқы қызметтері» жатады. Осы қызметті АХҚО-да жүзеге асыру үшін серіктестік немесе басқа корпоративтік бірлестік АФСА тарапынан авторизациялануы тиіс. Авторизациялауға жататын қызмет түрлерінің толық тізбесі АХҚО Жалпы қағидаларына 2-қосымшада келтірілген.

Заңды тұлғаларға қатысты АХҚО құқығы жалпы серіктестіктерді, шектеулі серіктестіктерді және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді таниды. Сонымен бірге заңды тұлға «құрылған елінде тіркелгендігі туралы жарамды сертификаттың немесе осы юрисдикцияның уәкілетті органы куәландырған соған ұқсас құжаттың» көшірмесін ұсынуы керек. Осылайша, ең төменгі талапқа сәйкес серіктестік өзінің шыққан елінде заңды түрде танылуы керек.

Сонымен қатар, АХҚО Соты ондағы мүдделерді білдіруге кең тәсіл қолданады. Тұтастай алғанда, барлық кәсіби заңгерлер немесе кәсіби сертификаттары бар адвокаттар әлемнің кез келген нүктесінен АХҚО Сотының Тіркеушісіне АХҚО Сотында тараптардың мүдделерін білдіру үшін өтініш беруге құқылы. Бұдан басқа, АХҚО Сотының отырыстарына қатысу үшін заңгердің немесе заң фирмасының АФСА тарапынан авто-ризациялануы талап етілмейді.

РЕТТЕУШІЛІК РЕЖІМГЕ ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР

21. Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңнама-сының талаптары АХҚО Қатысушылары мен АХҚО аумағында жұмыс істейтін банктерге қатысты қолданылады ма?

Жауап: Қазақстан Республикасының «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасы толықтай қолданылады. Атап айтқанда, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген валюталық режимдер АХҚО қатысушыларының АХҚО аумағында валюталық операцияларды жүргізуіне қолданылмайды.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта АХҚО-да қаржылық және кәсіби қызмет көрсетуге қатысты шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметтің рәсімдері мен шарттарын қарастыратын акт әзірленуде.

22. АХҚО-да қаржылық технологияларды реттеу қалай жұмыс істейді?

Жауап: Комитет АХҚО-да қаржылық қызметтерді реттеудің актілері және қағидаларымен реттелмейтін Финтех қызметті тестілеу және/немесе әзірлеуге арналған алаң болып табылатын Финтех зертхананы құрды.

Финтех зертханасы тұтынушылардың мүдделеріне сай компаниялардың арасындағы тиімді бәсекелестікті қамтамасыз ету, финтех жобаларды нарыққа шығаруға жұмсалатын уақыт пен шығындарды азайта отырып, стартаптарды қоса алғанда, инновациялық фирмаларға нарыққа анағұрлым кең қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді. АФСА Финтех қызметті тестілеуге және/немесе әзірлеуге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар Финтех қызметіне тұтынушыларды қорғау шараларын енгізуді қамтамасыз етеді.

Финтех-ке қосылу опцияларын қарастыратын фирмалар АФСА интернет-ресурсында (afsa.aifc.kz) қолжетімді АХҚО-ның Қаржы технологиялары туралы қағидаларын басшылыққа алуы керек.

23. Егер АФСА мен АХҚО-ның өзге де органдарының қылмыстық қудалау бойынша өкілеттігі болмағанда, АХҚО-да кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл бойынша қызмет қалай жүзеге асырылады?

Жауабы: Комитет әзірлеген АХҚО Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және санкцияларды белгілеу жөніндегі қағидасында қаржы мекемелеріне және кейбір АХҚО қатысушыларына оларды клиенттер мен контрагенттер ақшаны жылыстату немесе қаржылық қылмыстардың өзге де түрлері үшін пайдаланбайтынына кепілдікті қамтамасыз ету мақсатында қағидаларды, процедураларды және бақылауды сақтау бойынша қойылатын талаптар бар. Талаптардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Комитеттің айыппұл салуға және басқа да тәртіптік шаралар қабылдауға өкілеттігі бар. Бұл талаптар заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша қазақстандық режимге сәйкес келеді және оны толықтырады. Қазақстан Республикасының «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл» Заңы мен Қылмыстық кодексін қоса алғанда, Қазақстанның қылмыстық заңнамасы АХҚО қатысушыларының барлығына қолданылады.

24. АХҚО мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өкілеттіктері қалай ажыратылған? Даулы жағдайлар қалай шешіледі?

Жауабы: «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 4-бабында АХҚО юрисдикциясы қызметі салаларының толық тізімі бар. Осы тізімде ескерілмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Туындайтын қарама-қайшылықтар мен даулар Қазақстанның сот жүйесі аясында шешіледі. АХҚО қатысушыларының салықтық дауларын Қазақстан Республикасы соттары қарайды.

25. Мен өз клиенттеріме олардың мүдделері, мысалға нарықтағы қызмет қағидаларын теріс пайдалануға немесе менің төлеуге қабілетсіздігіме қатысты, қорғалғанын растай аламын ба?

Жауабы: АХҚО Актілері, соның ішінде АХҚО Бизнесі жүргізу қағидалары, АХҚО Сақтандыру делдалдарын пруденциялық реттеу қағидалары, АХҚО Инвестициялық фирмаларды пруденциялық реттеу қағидалары, сондай-ақ АХҚО Банкроттық туралы актісі мен қағидасы және АХҚО Кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және санкцияларды белгілеу бойынша қағидасы АХҚО-да тіркелген фирмаларды бақылауды қамтамасыз етеді, АХҚО қаржы нарықтарын нығайтуға және тұтастығын сақтауға жәрдемдеседі.

26. АХҚО қатысушысы қаржы жылының соңында аудит жүргізуі керек пе? Мысалға егер АХҚО қатысушысының жылсайынғы айналымы 5000\$-дан артық болмаса, қандайда бір ерекшеліктер бар ма?

Жауабы: АХҚО Компаниялар туралы актісіне сәйкес компаниялардың директорлары уақытылы есептілікті қамтамасыз етулері керек. Алдыңғы қаржы жылының шоттары дайындалып, директорлар бекітіп, аудиторлар тексеріп баяндауы керек мерзім қаржы жылы аяқталғаннан кейін 6 айды құрайды.

Егер компанияның Жарғысында өзгесі ескерілмесе, жеке компания мен оның директорлары шоттар бойынша аудиторлардың тексеру өткізуінен және баяндауынан егер компания сол қаржы жылының алдында бір (1) қаржы жылынан артық жұмыс істесе және компанияның жылдық айналымы ағымдағы жылда 5,000,000\$ мөлшеріндегі сомадан аспаса және компанияның 20-дан аспайтын акционерлері болған жағдайларда босатылады.



ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

27. Егер мен қызметкерлерді жалдау кезінде АХҚО-ның еңбек заңнамасын басшылыққа алуым керек болса, мен оны өз мақсаттарыма қаншалықты бейімдей аламын?

Жауабы: АХҚО Еңбек қатынастары туралы актісі жалдаудың минималды стандарттарын қамтамасыз етеді және Жұмыс берушінің жұмысқа жалдау кезінде Актіде ескерілген шарттарға қарағанда қолайлырақ шарттар беру құқығына мүмкіндік береді.

28. АХҚО қатысушысы АХҚО Еңбек қатынастары туралы актісі реттемеген сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын сақтауы керек пе?

Жауабы: АХҚО қатысушысы еңбек қатынастарын АХҚО Еңбек қатынастары туралы актісі реттейтін болғандықтан, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын сақтауға міндетті емес. АХҚО қатысушысы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларын олар осы Актіге қайшы келмеген жағдайда сақтай алады.

АХҚО Еңбек қатынастары туралы актісі жалдаудың минималды стандарттарын қамтамасыз ететіндігін және жұмыс берушінің жұмысқа жалдау кезінде жұмыс берушінің ішкі актілерінде бекітілген қолайлырақ шарттар беру құқығына мүмкіндік беретіндігін атап айтқан жөн.

29. АХҚО қатысушылары мен оның қызметкерлері еңбек шартында төлем құралы ретінде қазақстандық теңгеден өзге валютаны таңдай ала ма?

Жауабы: «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 5-бабының 1-тармағына сәйкес Орталық қатысушыларының ақшалай міндеттемелері шартта қарастырылған валютада көрсетіледі және орындалады.

Бұл АХҚО қатысушысы мен оның қызметкерлері еңбек шарты бойынша өз міндеттемелерін көрсету және орындау үшін қазақстандық теңгені немесе өзге валютаны таңдай алатындығын көрсетеді.



30. АХҚО-да жасасқан келісімшартыма АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасынан өзге құқықты таңдай алам ба?

Жауабы: Иә, бұл – мүмкін. АХҚО Келісімшарттар туралы актісіне сәйкес бұл Акт егер өзгесі келісімшартта ескерілмесе, АХҚО қатысушылары, АХҚО органдары және АХҚО қатысушылары мен АХҚО органдары арасында жасасатын келісімшарттарды реттейді. Егер шарт тарабы АХҚО қатысушысы немесе АХҚО органы болмаса, егер келісімшартта бұл тура ескерілмесе, Акт шартқа қолданылмайды. Осы Акт реттейтін кез келген келісімшарт, егер өзгесі келісімшартта ескерілмесе, АХҚО сотының қарауына жатады.

31. Қазақстанда немесе АХҚО-дан тыс туындаған даудың тараптары істің АХҚО Сотында қаралуына келісе ала ма? Немесе АХҚО-дағы төрелікке жүгіне ала ма?

Жауабы: Иә. Егер іс бойынша барлық тараптар жазбаша түрде келіссе, АХҚО-ға қатысы жоқ тараптар істің АХҚО Сотына немесе ХТО-ға берілуіне келісе алады. Бұл туралы келісім дауға дейін немесе даудан кейінгі де келісім қатынастарының кез келген кезеңінде жасалына алады.

32. АХҚО Сотының шешімдері Қазақстан аумағында орындала ма? Олар Қазақстаннан тыс орындала ма? АХҚО-ның төрелік шешімдері ше?

Жауабы: Иә. АХҚО-ның сот шешімдері Қазақстанда қазақстандық сот шешімдерінің шарттарымен қатар орындалады. ХТО-ның төрелік шешімдерін Қазақстанда орындағылары келетін тараптар АХҚО Сотына орындау туралы қаулы алуға жүгіне алады және осындай орындау бұйрығын алған жағдайда төрелік шешім Қазақстанда қазақстандық сот шешімдерінің шарттарымен қатар орындалады.

АХҚО-ның сот шешімдерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында (ТМД) орындалуы қазіргі кезде Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясының (1997 жылғы 28 наурыздағы түзетулері бар 1993 жылғы 22 қаңтардағы), Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Кишинев конвенциясының (2002 жылғы 7 қазандағы) және ТМД елдерінің арасында шаруашылық қызметтерді атқарумен байланысты дауларды шешу тәртібі туралы Киев келісімінің ережелеріне сәйкес орындалады.

АХҚО-ның сот шешімдері Қазақстан Республикасы ратификациялаған екіжақты шарттарға сәйкес басқа да елдерде (Өзірбайжанды, Қытайды, Грузияны, Үндістанды, Қырғыз Республикасын, Литваны, Моңғолияны, Солтүстік Кореяны, Пәкістанды, Түркияны, Түркіменстанды, Біріккен Араб Әмірліктерін, Өзбекстанды қоса алғанда) танылады және орындалады.

АХҚО Сотының шешімдері шет елдерде, соның ішінде Ұлыбританияда, Қытайда және АҚШ-та мемлекетаралық немесе сот келісідерінсіз өзаралық қағидатының негізінде орындала алады.

ХТО-ның төрелік шешімдері Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы конвенцияның (Нью-Йорк, 1958 ж. («Нью-Йорк конвенциясы»)) ережелеріне сәйкес 159 елде халықаралық деңгейде танылады және қолданылады.

33. «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (осы Заңның 8-бабына сәйкес жоғарғы органның алдын ала келісімін алу туралы талапты қоса алғанда) ХТО-дағы істі қарауға қолданыла ма? Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасы (мысалы, қамтамасыз ету шараларына қатысты және т.б.) ХТО-дағы істі қарауға қолданыла ма?

Жауабы: Жоқ. Төрелік туралы қазақстандық ұлттық заңнаманың талаптары АХҚО Төрелік туралы актісіне сәйкес өткізілетін төреліктерге қолданылмайды. Актінің 7-бабын (ұлттық заңнаманың қолданылмайтындығы) қараңыз. Сонымен бірге тараптар егер төреліктің бір тарабы Қазақстан Республикасы тұлғасындағы мемлекет болған жағдайда дауға құзыретті органның келісімін алуды талап ететін «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелері бұрыңғыдай қолданылатындығын ескерген жөн.

ХТО-да дауласып жатқан тараптар ХТО-да төрелікке немесе медиацияға қандай процестік қағидалар қолданылатындығы жайында жазбаша келісе алады. Қазақстанның төрелік және медиациялық процестік қағидалар ХТО-да тек дауласушы тараптар ондайларды қолдану туралы жазбаша түрде келіскенде ғана қолданылатын болады.

34. Конституциялық заңның 4-бабы 1-тармағы 3)-тармақшасының дұрыс түсінігі қандай болар еді? АХҚО Басқарушысының немесе АХҚО-ның басқа да органдарының қазақстандық заңнаманы қолдануға арналған нақты бір актісі болу керек пе?

Жауабы: «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Конституциялық заңның 4-бабы 1-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы Конституциялық заң мен АХҚО актілері реттемеген бөліктерде қолданылады. Конституциялық заңның жоғарыда аталған ережесі АХҚО-ның арнайы актісін өзірлеуді талап етпейді.

Одан басқа, Конституциялық заңның 4-бабын іс жүзінде жүзеге асыруды 2017 жылғы 20 желтоқсанда АХҚО Басқарушысы қабылдаған АХҚО Актілері туралы АХҚО Актісі қолдайды және толықтырады.

Бұл Акт АХҚО-ның қолданыстағы құқығының иерархиясын, АХҚО актілерін өзірлеудің, бекітудің және қабылдаудың тәртібін анықтайды. Соның ішінде, Актінің 40-бабында (Қолданысы) азаматтық немесе коммерциялық сұрақтар бойынша тиісті заңды қолдану, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығын қолдану сұрақтарын қоса алғанда, кез келген азаматтық немесе коммерциялық сұрақтарда тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету үшін сақталуы керек тиісті юрисдикцияның төмендемелі деңгейлері анықталады.



САЛЫҚТАР

35. АХҚО қатысушысы ретінде мен салықтардан қалай босатыламын?

Жауабы: Корпоративтік табыс салығы: АХҚО қатысушылары 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін АХҚО аумағында төмендегі қаржы қызметтерін көрсетуден түскен кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылады:

- 1) ислам банкінің банктік қызметтері;
- 2) қайта сақтандыру қызметтері мен сақтандыру брокерлік қызметтер;
- 3) инвестициялық қорлардың активтері инвестициялық басқару, оларды есепке алу және сақтау, сондай-ақ инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын шығаруды, орналастыруды, айналдыруды, сатып алуды және өтеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтер;

- 4) брокерлік және (немесе) дилерлік, андеррайтингтік қызметтер;
- 5) АХҚО актілері анықтайтын өзге де қаржы қызметтері.

Өзге қаржы қызметтерінің тізімі келесі АХҚО актілерінде бар екенін атап айтқан жөн: AIFC Financial Services Framework Regulations (Schedule 3: Market Activities) және AIFC General Rules (Schedule 1: Regulated Activities). Бұл актілер Комитеттің сайтында орналасқан (<https://aifc.kz/legal-framework>).

Сонымен қатар, АХҚО қатысушылары 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін АХҚО органдарына, сондай-ақ қаржы қызметтерін көрсететін АХҚО қатысушыларына көрсетілген заң, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік қызметтерден түскен кірістер бойынша корпоративтік табыс салығын төлеуден босатылады.

Корпоративтік табыс салығынан босату мақсатында АХҚО қатысушылары корпоративтік табыс салығынан босатуға жататын және АХҚО қатысушыларының корпоративтік табыс салығынан босатуға жататын және салық салуға жататын кірістердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына сәйкес салық салуға жататын кірістеріне, сондай-ақ шегерімге шығарылуға жататын шығыстардың есебін бөлек жүргізулері керек. Бұл Қағидалар АХҚО сайтының «Tax-Administration» бөлімінде орналасқан.

Жеке табыс салығы: Одан басқа, АХҚО қатысушысының немесе орга нының қызметкері болып табылатын шетелдік 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін қаржы және қосымша қызметтер көрсететін АХҚО қатысушысымен немесе АХҚО органымен жасасқан еңбек шарты бойынша АХҚО-дағы қызметінен түскен кірістер бойынша жеке табыс салығын төлеуден босатылады.

Мүлік салығы және жер салығы: АХҚО-ның салық режімімен анықталған қаржы және қосымша қызметтер көрсететін АХҚО органдары мен қатысушылары АХҚО аумағында орналасқан нысандар бойынша мүлік салығы мен жер салығын төлеуден босатылады.

Жеке табыс салығы, корпоративтік табыс салығы: Жеке және заңды тұлғалар 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін:

- 1) сатылатын күні қор биржасының ресми тізіміндегі бағалы қағаздарды сату кезіндегі құнының өсімінен түскен;
- 2) АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушызаңды тұлғаның акцияларын немесе АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы-заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сату кезіндегі құндарының өсімінен түскен;
- 3) дивидендтер мен сыйақылардың есептелетін күні қор биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен сыйақылар түріндегі;
- 4) АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушызаңды тұлғаның

акциялары немесе АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы-заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі бойынша дивидендтер түріндегі кірістер бойынша жеке және корпоративтік табыс салықтарын төлеуден босатылады.

36. Егер мен салықтан босатылсам, бұл АХҚО-дағы барлық істерім бойынша салықтардан босатылғанымды білдіре ме?

Жауабы: АХҚО аумағындағы салық режимін, Конституциялық заңның 6-бабымен белгіленген алулардан басқаны, Салық кодексі анықтайды. Негізгі алулар қаржы және қосымша қызметтер көрсететін АХҚО қатысушылары үшін корпоративтік табыс салығын төлеу бойынша салықтық жеңілдіктер болып табылады, олардың нақты тізімі Конституциялық заңның 3 және 4 тармақтарында көрсетілген. Сонымен қатар, Конституциялық заңда АХҚО-дағы операциялардан түскен инвестициялық кірістер бойынша табыс салығын төлеуге жеке және заңды тұлғалар үшін жеңілдіктер қарастырылған. Соның ішінде, бұл – АХҚО Биржасының ресми тізімдеріндегі бағалы қағаздарды сатудан түскен дивидендтер мен құнының өсімінен болған кірістер. Сондай-ақ АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген қатысушы заңды тұлғаның акцияларын немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сату кезіндегі дивидендтер мен құндарының өсімінен болған кірістер. Қалған жағдайларда салық салу Қазақстан Республикасы салықтық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БИРЖАСЫ (AIX)

37. Заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын AIX бағалы қағаздарының тізіміне қосу үшін қойлатын негізгі талаптар қандай?

Жауабы: Бағалы қағаздарды AIX бағалы қағаздарының ресми тізіміне қосуға қойлатын негізгі талаптарды AIX интернет-ресурсында жарияланған AIX қағидаларының жинағынан табуға болады. Негізгі талаптарға жататындар:

- ҚЕХС, АҚШ БЕЖҚ, швейцариялық БЕЖҚ немесе AIX-ке қолайлы өзге де стандарттарға сәйкес дайындалған үш жылғы шоғырландырылған және аудиттелген қаржылық есептілік (егер өтініш берушіде үш жылғы есептілік болмаса, 43-сұрақты қараңыз);
- Акциялар эмитенттері үшін ең төменгі жария орналастыру 25%-дан кем емес (AIX өз қалауы бойынша төмендеу пайызды қабылдай алады);
- Бағалы қағаздардың AIX бағалы қағаздар тізіміне қосылған күнінде акциялар

эмитенттері үшін ең төменгі нарықтық капиталдандыруы 1 млн АҚШ долларынан кем емес және облигациялар эмитенттері үшін 500 мың АҚШ долларынан кем емес. АИХ қағидалар жинағы қорлар, кен өндіру компаниялары және pre-IPO ға құқығы бар компаниялар сияқты бірқатар эмитенттердің түрлі санаттары үшін дербес талаптар және бағалы қағаздарды АИХ «Бір белдеу – бір жол» бағалы қағаздар тізіміне қосуды ұсынады. Бағалы қағаздарды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосудың осы түрлері туралы қосымша ақпарат АИХ веб-сайтында берілген.

38. Бағалы қағаздарын АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосқысы келетін эмитенттер үшін қолайлы құқықтық форма қандай?

Жауабы: Бағалы қағаздары АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосуға жататын борыштық бағалы қағаздардың (мысалы облигациялардың) эмитенті юрисдикциясына байланысты кез келген формадағы заңды тұлға бола алады (мысалы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік).

Акциялардың эмитенті өз акцияларын еркін бере алатын заңды формада (мысалы, акционерлік қоғам) тіркелуі тиіс. Акциялар АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосылуы үшін Қазақстанда құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік қазақстандық акционерлік қоғамға түрленуі керек немесе корпоративтік холдингтік компания (АХҚО-да потенциалды тіркелген) құруы керек.

39. Егер біз бағалы қағаздарымызды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосуды көздесек, АХҚО-да заңды тұлғаны құру немесе АХҚО қатысушысы болу міндетті ме?

Жауабы: Бағалы қағаздарды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосу үшін эмитенттің АХҚО-да тіркелуі немесе басқаша түрмен АХҚО қатысушысы болуы міндетті емес. Алайда (1) эмитент АХҚО-да реттелетін қызметті жүзеге асырса, ол АХҚО қатысушысы болуы керек және (1) эмитент АХҚО қатысушысы болмаса (мысалы, АХҚО-да тіркелмеген немесе танылмаған), оның АХҚО қатысушыларына ғана берілетін белгілі бір жеңілдіктерге құқығы болмайды.

40. Акцияларды және/немесе облигацияларды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосудың негізгі артықшылықтары қандай?

Жауабы: Қосарлы листингті қоса алғанда, бағалы қағаздарды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосу тиісті қазақстандық және шетелдік компанияларға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға жергілікті және халықаралық бөлшек және институционалдық инвесторларға жол ашып, IPO, SPO және жеке орналастырулар арқылы қаражат тартуға мүмкіндік береді. Бағалы қағаздарды АИХ бағалы қағаздар тізіміне қосудың негізгі артықшылықтарына төмендегілер жатады және онымен шектелмейді:

- Жалпы құқық қағидаттарына негізделген арнайы құқықтық / реттегіш режим;
- Инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер – капиталдың өсіміне және/немесе АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосылған бағалы қағаздар бойынша пайыздар / дивидендтер төлеуге салықтар жоқ;
- Бағалы қағаздарды шығару және олар бойынша кез келген валютада есептесу;
- Euroclear қолжетімділігі;
- Эмитенттер компанияның инвесторлар үшін ашығырақ ететін ақпаратты ашу туралы талаптарды сақтауы керек, сондай-ақ инвесторларды қорғау және нарықтың тиімді жұмыс істеуі бойынша халықаралық стандарттардың үздіксіз міндеттемелерін сақтауы керек.

41. Проспекттің мазмұны бойынша АІХ талаптарын қайдан табамын?

Жауабы: Проспектке қойылатын талаптар АХҚО актілерінде (АХҚО Нарық қағидалары) және АІХ Бизнес-қағидаларында берілген.

42. Бағалы қағазға сұранысты қалай болжаймын және оның бағасын/табыстылығын қалай бекітемін?

Жауабы: Бағалы қағаздарды АІХ бағалы қағаздарының ресми тізіміне қосу алдында өтініш берушілерге ұсынылатын бағалы қағаздарға әлеуетті сұранысқа және олардың шарттарына қатысты сұрақтар бойынша қаржы консультантымен кеңесу ұсынылады.

43. Егер эмитент жақында ғана құрылса, ол үшжылдық талапты қалай орындау алады?

Жауабы: Бағалы қағаздарын АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосуға өтініш берушінің әрқайсысы және АІХ бағалы қағаздар тізіміне бағалы қағаздарды қосудың әрқайсысы жекелей тәртіппен қарастырылатын болады. Заңды тұлға жаңадан құрылған жағдайда АІХ өзге де елеулі факторларды (мысалы, негізгі бизнестің тарихы мен тиімділігі, бизнестің сипаты) есепке алуы мүмкін. Осылайша, бұрыннан бар бизнестің жақында құрылған еншілес компаниялар немесе жақында құрылған холдингтік компаниялар (мысалы, АХҚО-да Қазақстандағы операциялық компаниялар тобының бас компаниясы ретінде құрылған жаңа компания) түрлі басқа жағдайларды есепке алып, бағалы қағаздарды АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосуға қатысуға құқық ала алады.

44. АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосылған компаниялар үшін қандай аудиторлық компаниялар қолайлы?

Жауабы: АІХ-те міндетті немесе ұсынылатын аудиторлық фирмалардың тізімі жоқ. Эмитенттер өз қажеттіліктеріне қарай сырттан аудиторларды тарта алады. Алайда аудит ҚЕХС, АҚШ БЕЖҚ, швейцариялық БЕЖҚ немесе АІХ-ке қолайлы өзге де стандарттарға сай өткізілуі тиіс.

45. АІХ-те қандай инвесторлар қызметтерін жүзеге асырады?

Жауабы: Қазіргі кезде жеке және институционалдық инвесторлар АІХ сауда-саттығына қатысушылар арқылы АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосылған бағалы қағаздардың алғашқы шығарылымына және қайталама сауда-саттығына қатыса алады. 2019 жылғы шілде айында жағдай бойынша АІХ сауда-саттығына 20 брокер қатысады, олардың барлығына жуығы, төрт халықаралық брокерді (қытайлық және еуропалық) қоспағанда, жергілікті брокерлер болып табылады.

46. Қалай АІХ сауда-саттығына қатысушы болуға болады?

Жауабы:

1-ҚАДАМ: АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі коми- теті

1-опция

Тіркелу:

Екі нұсқа:

1-нұсқа

а) АХҚО-да жаңа заңды тұлғаны / еншілес компанияны құру (мысалы, жеке компания немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде); немесе

б) АХҚО-да «бөлімше» ашу (мысалы, Танылған компания немесе Танылған ЖШС ретінде).

Авторизация және бақылау:

Принципал және/немесе агент ретінде инвестициялармен мәмілелер бойынша реттелетін қызмет жүргізу, мәмілелерді ұйымдастыру және инвестициялар бойынша консультациялар беру үшін өтініш беруші АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінен лицензия алуы қажет.

2-нұсқа

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті АХҚО-да заңды болуын талап етпей, брокердің өз юрисдикциясының лицензиясын мойындайтын кездегі АХҚО қатысушысы (RNAM) болып табылмайтын Танылған қатысушы болу.

2-ҚАДАМ: АІХ

АІХ Қаржы нарықтарын дамыту жөніндегі тобымен market@aix.kz мекенжайы бойынша хабарласыңыз. АІХ Қаржы нарықтарын дамыту жөніндегі тобы Сізге өтініш беру процесі бойынша жалпы ақпарат береді.

47. АІХ-те саудаланатын бағалы қағаздарды инвестор қалай сатып немесе сата алады?

Жауабы: АІХ веб-сайтын қараңыз немесе АІХ сауда-саттығына қатысушының кез келгенімен байланысыңыз.

48. Егер қазақстандық компания өз акцияларын Қазақстаннан тыс қор биржаларының бағалы қағаздар тізіміне қосқысы келсе, Қазақстандағы қосарлы листинг талаптары бағалы қағаздарды АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосу арқылы орындала ала ма?

Жауабы: Иә. Бағалы қағаздарын шетелдік биржада бағалы қағаздар тізіміне қосуға ниетті қазақстандық компания қосарлы листинг талаптарын бағалы қағаздары АІХ бағалы қағаздар тізіміне қосылса, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабына сәйкес орындай алады. Бұл жағдайда осы компания осы талапқа сай болып саналады. Сонымен қатар, егер эмитент АІХ-ті акцияларды орналастырудың бірыңғай орны ретінде таңдауды шешсе, онда АІХ-те акцияларды да, ЖДҚ-ны да орналастыруға болады.

Ескертпе: Бұл құжат қолданыстағы және әлеуетті АХҚО қатысушыларының АХҚО қатысушыларына берілетін артықшылықтармен танысуына арналып әзірленген. Бұл құжат немесе осы құжаттағы сұрақтарға жауаптардың бірі де заңдық консультация болып табылмайды және ұсыным ретінде қабылданбауы тиіс. Егер осы құжаттағы қандай да бір пайымдау мен АХҚО-ның тиісті Актілері мен Қағидалары немесе тиісті Басшылық арасында қандай да бір сәйкессіздік болса, АХҚО Актілерінің, Қағидаларының және Басшылығының күші басым болады. Қажет болады деген тұста қатысушылар нақты жағдайға байланысты өздерінің заңдық консультацияларын алулары керек.

Бұл құжат АХҚО Актілері мен Қағидаларының барлық аспектілерін қамтымайды. Ол АХҚО-ға қатысты жиі қойылатын сұрақтарға таңдаулы түрде арналған.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, құжатқа тиісті өзгерістер енгізіп отырамыз



**НАИБОЛЕЕ ЧАСТО
ЗАДАВАЕМЫЕ
ВОПРОСЫ**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР «АСТАНА»

ЧАСТО ЗАДАВАЕМЫЕ ВОПРОСЫ



МФЦА И АССОЦИИРОВАННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ

1. Какие организации учреждены в МФЦА?

Ответ: В то время как территория МФЦА занимает большую часть «Левого берега» города Нур-Султан, Органы и Организации МФЦА размещены на ультрасовременной площадке Expo 2017. Все органы МФЦА расположены здесь, в том числе Администрация МФЦА, Комитет МФЦА по регулированию финансовых услуг (**Комитет**), Суд МФЦА, Международный арбитражный центр (**МАЦ**), а также организации органов МФЦА, такие как Экспат центр МФЦА, Бюро непрерывного профессионального развития (**BCPD**), Центр финансовых технологий (**Fintech Hub**) и Биржа МФЦА (**AIX**). Кроме того, на территории размещены совершенно новые и современные помещения для бизнеса, коммерции и конференций, в которых могут размещаться и осуществлять свою деятельность участники МФЦА.

2. Что такое МФЦА?

Ответ: МФЦА имеет много аспектов. С правовой и регуляторной точки зрения это особый режим, который регулирует деятельность участников МФЦА, включая функционирование финансового рынка и предоставление финансовых и других услуг. С точки зрения географии, это большая территория с четко обозначенными границами в городе Нур-Султан, где могут располагаться и осуществлять свою деятельность участники МФЦА. Концептуально, МФЦА является финансовым хабом для Центральной Азии, Кавказа, Евразийского экономического союза (ЕАЕС), Ближнего Востока, Западного Китая, Монголии и Европы.

3. Каковы задачи МФЦА?

Ответ: Задачи МФЦА заключаются в следующем:

- содействие в привлечении инвестиций в экономику Республики Казахстан путем создания привлекательной среды для инвестирования в сфере финансовых услуг;
- развитие рынка ценных бумаг Республики Казахстан, обеспечение его интеграции с международными рынками капитала;
- развитие в Республике Казахстан рынка страховых, банковских услуг,

исламского финансирования, финансовых технологий, электронной коммерции и инновационных проектов;

- развитие финансовых и профессиональных услуг на основе наилучших международных практик;
- приобретение международного признания как финансового центра.

4. Какая деятельность будет осуществляться в МФЦА с самого начала?

Ответ: МФЦА создан в Казахстане как краеугольный камень развития национального и регионального финансового сектора. Основные стратегические задачи МФЦА включают развитие рынков капитала, управления активами, финансовых технологий (FinTech), исламских финансов, частного банкинга и сектора зеленых финансов.

Наша правовая база способствует осуществлению и регулированию в том числе определенных регулируемых видов деятельности в сфере финансовых услуг, включая банковские услуги, страховое посредничество, операции с ценными бумагами, управление инвестициями и консультирование по ним, а также схемы коллективного инвестирования, предоставление и организация депозитарных услуг, предоставление доверительных услуг и услуг фондового администрирования, ислам-ский банкинг и финансирование.

